

Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені КММ

Бекітемін

Директор:

Г.Қ.Шакинова



2025-2026 оқу жылына арналған «Инабат» қыздар ұйымының жылдық жоспары.

«Инабат»қыздар ұйымының жетекшісі: С.Т.Нурушева

2025-2026 оқу жылына арналған «Инабат» қыздар ұйымының жылдық жоспары.

МАҚСАТЫ: ізетті, инабатты, адамгершіліктің асыл қасиеттерін терең түсіне білетін, қазақ қыздарына тән қасиеттерді, ары таза, сымбатты да сұлу, сыпайы, биязы, өнерлі, болашағы жарқын қыздар тәрбиелеу.

№	Жұмыстың мазмұны	Өтілу түрі	Өтетін мерзімі	Өтілуіне жауапты
1	«Инабат» қыздар ұйымының жылдық жұмыс жоспарын жасау, бекітуге ұсыну	Жоспар	Қыркүйек	Клуб жетекшісі
2	«Қыз болмысы – ұлт айнасы»	Жадынама тарату	Қыркүйек	Клуб жетекшісі
3	«Инабаттылық – қыздың көркі»	Дөңгелек үстел	Қазан	Клуб жетекшісі жоғары буын бірлестігі
4	«Қыз әдебі – қылық пен парасат»	пікірлесу	Қараша	Клуб жетекшісі
5	«Нәзіктік пен сұлулық – бойжеткен болмысы»	Дөңгелек үстел	Желтоқсан	Клуб жетекшісі
6	«Қыз — елдің ары, ананың үміті»	тренинг	Қаңтар	Клуб жетекшісі, психолог
7	«Ақ жаулықты ананың жолын жалғар қыздар»	пікірлесу	Ақпан	Клуб жетекшісі
8	«Аяулы қыз — болашақ ана»	Тренингтер	Наурыз	Клуб жетекшісі, психолог
9	«Қыздың көркі — ақыл мен әдеп»	Дөңгелек үстел	Сәуір	Клуб жетекшісі
10	«Бойжеткеннің болмысы — тәрбие мен тәлімде»	Іскерлік сабағы	Мамыр	Клуб жетекшісі, жоғары буын бірлестігі
11	«Қыздар және заманауи мәдениет»		үнемі	Клуб жетекшісі
12	«Сәнге емес, салиқалы тәрбиеге еру»	Хабарлама	Мамыр	Клуб жетекшісі, психолог

Келісілді

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары _____ В.С.Габитова

**2025-2026 оқу жылына арналған
«Ерте жүктіліктің алдын алу» жұмыс жоспары**

№	Жұмыстың мазмұны	Өтілу түрі	Өтетін мерзімі	Өтілуіне жауапты
1	«Ерте жастағы неке проблемасы»	Дөңгелек үстел	қыркүйек	Клуб жетекшісі
2	Қыздар клубы жиналысы: 1. Жылдық жоспар құру, тағайындау Жасөспірім шақтағы ерте жүктіліктің алдын алу» 2. Қыздардың жеке бас гигиенасын сақтау 3. Ағымдағы мәселелер	Жиналыс	қыркүйек	Клуб жетекшісі, мектеп дәрігері
3	«Ерте жастағы жүктілік-болашаққа балта шабу»	Түсінік жұмыстары	қазан	Клуб жетекшісі, мектеп дәрігері
4	Қыздар клубы жиналысы: 1. Ерте жүктілік салдары 2. Қыз болашағы-ел болашағы» 3. Ағымдағы мәселелер	Жиналыс	қараша	Клуб жетекшісі, мектеп дәрігері психолог
5	Қыздар клубы жиналысы: 1. Ерте жүктілік салдары 2. Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі 3. Ағымдағы мәселелер	Жиналыс	желтоқсан	Клуб жетекшісі, мектеп дәрігері психолог
6	«Жасөспірім жастағы жүктілік»	Түсінік жұмысы	қаңтар	Клуб жетекшісі, мектеп дәрігері
7	«Ерте жүктіліктің ертеңі қандай?»	Дөңгелек үстел	ақпан	Клуб жетекшісі, мектеп дәрігері
8	Қыздар клубы жиналысы: 1. Ерте жүктілік немен қауіпті 2. Қыздардың жеке бас гигиенасын сақтау 3. Ағымдағы мәселелер	жиналыс	Наурыз	Клуб жетекшісі, мектеп дәрігері психолог
9	«Қыздардың құқықтарын бұзуға жол бермеу»	Түсінік жұмыстары	Наурыз	Клуб жетекшісі, мектеп дәрігері
10	«Жасөспірім жастағы жүктілік мәселелері бойынша ақпаратты кеңінен тарату	Түсінік жұмыстары	Сәуір	Клуб жетекшісі, мектеп дәрігері
11	Қыздар клубы жиналысы: 1. Ерте жүктіліктің нәтижесі» 2. Ерте жүктілік немен қауіпті? 3. Ағымдағы мәселелер	Жиналыс	Мамыр	Клуб жетекшісі, мектеп дәрігері психолог

Келісілді

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

В.С.Габитова

2025-2026 оқу жылы бойынша

«Инабат» қыздар клубының жиналысының жылдық жұмыс жоспары

№	Отырыстың уақыты	Қаралатын мәселелер	Өтілу түрі	Жауапты
1	Қыркүйек	Күн тәртібіндегі мәселелер: 1.«Инабат» қыздар ұйымының мақсат-міндеттерімен таныстыру 2. Мектеп формасы және тазалық 3. Қыздардың сөйлеу мәдениеті мен жүріс-тұрысы 4. Қыздар ұйымының жылдық жоспарын бекіту	Жиналыс Хаттама	Клуб жетекшісі
2	Желтоқсан	Күн тәртібіндегі мәселелер: 1. Әлеуметтік желіде өзін-өзі ұстау мәдениеті 2. Уақытты тиімді пайдалану 3. Қыздар арасындағы өзара достық, сыйластық 4. Киім кию әдебі мен сымбаттылық 5. Қыз баланың отбасындағы және қоғамдағы рөлі	Жиналыс хаттама	Клуб жетекшісі
3	Ақпан	Күн тәртібіндегі мәселелер: 1. Жасөспірім қыздардың денсаулығын сақтау 2.Ерте жүктілік және оның зияны 3. Қыз баланың тазалығы мен гигиенасы 4. Инабаттылық, ұят, ар-ождан құндылықтары 5. Сабаққа қатысу, тәртіп мәселесі	Жиналыс Хаттама	Клуб жетекшісі
4	Мамыр	Күн тәртібіндегі мәселелер: 1. Жылдық жұмысты қорытындылау 2.Белсенді оқушыларды марапаттау 3.Қыз тәрбиесіне қатысты ұсыныстар жинау 4. Жазғы демалыс кезінде қауіпсіздік ережелері 5. Келесі жылға жоспарлау бойынша пікірлер	Жиналыс Хаттама	Клуб жетекшісі

Келісілді

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары



В.С.Габитова

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

29.08.2025

№ 488

«Қыздар клубын» құру туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы және «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамасы аясында, сондай-ақ 2025–2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес, мектеп жасындағы қыз балалардың бойына **имандылық, инабаттылық, сыпайылық пен ұлттық тәрбиені** сіңіру, өз-өзіне деген сенімділікті арттыру және қоғамда өзіндік орнын табуына қолдау көрсету мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені» КММ-нің жанынан **«Қыздар клубы» құрылсын.**
2. Клубтың негізгі мақсат-міндеттері:
 - қыз бала тәрбиесіне бағытталған ұлттық құндылықтарды насихаттау;
 - отбасылық тәрбие, әдеп, мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;
 - ерте жүктіліктің, әдепке сай емес мінез-құлықтың алдын алу;
 - қыз балалар арасында өзін-өзі дамытуға арналған іс-шаралар өткізу.
3. «Қыздар клубының» жетекшісі болып Нурушева Самал Турарбековна тағайындалсын.
4. Клубтың құрамына белсенді, үлгілі қыз оқушылар енгізілсін. Клуб мүшелерінің тізімі тәрбиешілердің ұсынысымен бекітілсін.
5. Клуб жұмысы жылдық жоспар негізінде жүзеге асырылсын. Жоспар тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен келісіле отырып бекітілсін.
6. Сынып жетекшілерге, тәрбиешілерге қыз балалардың клуб жұмысына белсене қатысуына жағдай жасау тапсырылсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Габитова В.С. қадағаласын.

Директор



Г. Шакенова

Таныстым:

Габитова В.
Нурушева С.

«Инабат» қыздар клубының негізгі мақсаты:

Қыз балалардың бойында инабаттылық, ізеттілік, сыпайылық, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, ұлттық дәстүр мен құндылықтарды дәріптеу, өз-өзіне сенімді, тәрбиелі, мәдениетті тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету. Қазақ қыздарына тән қасиеттерді, ары таза, сымбатты да сұлу, сыпайы, биязы, өнерлі, болашағы жарқын қыздар тәрбиелеу.

«Инабат» қыздар клубының негізгі міндеттері:

1. Қыз балаларды ұлттық салт-дәстүр мен әдеп қағидаларын құрметтеуге тәрбиелеу;
2. Инабаттылық, имандылық, әдептілік қасиеттерін дамыту;
3. Қыз балалардың өзін-өзі дұрыс ұстау, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;
4. Қоғамда өз орнын табуға, жауапкершілікті сезінуге баулу;
5. Қыздар арасында өзара сыйластық пен достық қарым-қатынасты нығайту;
6. Денсаулықты сақтау мен салауатты өмір салтын насихаттау;
7. Қоғамдық жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысуға үйрету.

«Инабат» қыздар клубының ұстанымдары:

1. Инабаттылық – үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету.
2. Имандылық – рухани тазалық пен адамдық қасиетті жоғары қою.
3. Ізгілік – айналаға мейіріммен қарау, көмек қолын созу.
4. Әдептілік – сыпайы сөйлеу, мәдениетті мінез-құлық сақтау.
5. Отансүйгіштік – елін, жерін, тілін, дәстүрін қастерлеу.
6. Тазалық пен ұқыптылық – сыртқы және ішкі мәдениетті сақтау.
7. Жауапкершілік – өз ісіне адал болу, аманатқа сенімді қарау.
8. Бірлік пен сыйластық – достық қарым-қатынасты сақтау, ұйымшыл болу.

«Инабат» қыздар клубының мүшелері

№	№	Оқушының аты-жөні	Туған жылы	Мекен-жайы
Класс жетекші: Л.Канатбаева, Тәрбиеші: Г.Мустапина				
7 «а»	1	Әкімжан Аяжан Әкімжанқызы	19.02.2012	Ақтөбе қаласы, Гришин көшесі, 64, 31
Класс жетекші: Б.Айткалиева, Тәрбиеші: Л. Тажбенова				
7 «ә»	2	Шымбергенова Томирис Берікқызы	23.07.2011	Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы, Б.Сулейменов көшесі, 37
7 «ә»	3	Масакова Маржан Арманқызы	10.06.2012	Ақтөбе қаласы, Бр.Жубановых 293/1 кв 74
7 «ә»	4	Жаңабаева Кәусар Жұматайқызы	05.10.2012	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы, Әбілқайырхан көшесі 18а
Класс жетекші: А.Жусупова, Тәрбиеші: С.Нурушева				
7 «б»	5	Уразалиева Жания Нуржановна	23.11.2012	Ақтөбе қаласы, Ағ. Жұбановтар көшесі, 308/2,76 пәтер
7 «б»	6	Байғабылова Әмина Бауыржанқызы	23.01.2012	Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы, Карагулин көшесі, 46-4а
7 «б»	7	Басенова Айзере Санжаровна	19.08.2012	Ақтөбе облысы, Ағ. Жұбановтар 291-1-115
Класс жетекші: Г.Оңайша, Тәрбиеші: Ж. Кусакбаева				
8 «а»	8	Жуломанова Сабина Арсеновна	13.08.2011	Ақтөбе қаласы, Қарғалы, Нұр-Сити 5В-206
8 «а»	9	Канатова Динара Мұратбекқызы	20.11.2010	Ақтөбе қаласы, м-кр.Нұр-Сити 15-113
Класс жетекші: О.Руденко, Тәрбиеші: Л.Кенесова				
8 «б»	10	Капинос Софья Денисовна	26.11.2010	Ақтөбе қаласы, Некрасов көшесі, 136/2
Класс жетекші: Қ.Құрмаш, Тәрбиеші: Г.Сейтжапарова				
9 «а»	11	Алиева Айдана Есенгельдиевна	15.06.2010	Ақтөбе қаласы, Бөкенбай батыр көшесі, 22, 103 пәт.
Класс жетекші: А.Тубетбаева, Тәрбиеші: Г.Ахаева, Г.Балмаганбетова				
9 «ә»	12	Мақсатқызы Жәнісгүл (КИ)	10.05.2010	Ақтөбе қаласы, Уәлиханов к-сі, 26-42
9 «ә»	13	Сатыбалды Аянат Қанатқызы	25.03.2009	Ақтөбе обл., Әйтеке би ауданы, Тереңсай ауылы
Класс жетекші: Р.Акжигитова, Тәрбиеші: У.Мендекулова				
9 «б»	14	Аманғосқызы Қамарсұлу	24.03.2010	Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Құмтоғай ауылы, О.Құдайбергенов көшесі, 10, 1
9 «б»	15	Костромина Эльвира Евгеньевна	13.06.2009	Ақтөбе қаласы, Есет-Батыра көшесі, 73а/кв5
Класс жетекші: Ж.Кузгагельдиев, Тәрбиеші: М.Культемирова, Д.Бимаганбетова				
10 «а»	16	Когисова Аружан Әділгерейқызы	31.08.2008	Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Байғанин көшесі, 27-8
Класс жетекші: К.Курманова, Тәрбиеші:				
10 «б»	17	Зарлихан Аяна Сабиржановна	12.08.2009	Ақтөбе қаласы, Тургенев көшесі, 90, 31 п
Топ кураторы: Дуйсеналина Б. М, Тәрбиеші: А.Смагул				
101 тобы	18	Сембі Жасмин Жасланқызы	15.07.2008	Ақтөбе қаласы, Абылхайыр хан 60үй, 2к, 5-п
Топ кураторы: Жуманбетова С. Е, Тәрбиеші: Н.Жанболатова				
102 тобы	19	Кожиева Гульдерайым Доскалиевна	06.11.2007	Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы 2уч-95
102 тобы	20	Нағметжан Ақкенже Кенжебайқызы	25.09.2007	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы, Жамбыл Жабаев 74б
102 тобы	21	Серигова Жұлдызай Сериковна	15.11.2008	Атырау қаласы, Нарын көшесі 18, 1-пәтер
Топ кураторы: Г.Исмагилова, Тәрбиеші: Т.Мамбеткулова				

201 тобы	22	Мажитова Айшабиби	03.05.2007	Атырау об., Индер ауданы, Майдырова к.1а
Топ кураторы: Г.Сағынаева, Тәрбиеші: Т.Мамбеткулова				
202 тобы	23	Аманкос Феруза Айдосқызы	15.04.2007	Атырау об., Жылой ауданы, Құлсары қ., Ақкиізтоғай 48
202 тобы	24	Жакупова Мархабат Нұрланқызы	29.05.2004	Атырау об., Мақат ауданы, пос Доссор, Абілхан Мантайев 193 үй, 11 пәтер
202 тобы	25	Жиенсева Диляра Дастановна	12.11.2007	Ақтөбе қаласы, Заречный ауылы, Геолог-4, уч.6

2025-2026 оқу жылының басында 7-10 сыныптар және колледж студентер жалпы қыздар саны -25 (қыркүйек айы)

Кәмелетке толмағандар – 22

Кәмелетке толғандар - 3

саны - 25 (қыркүйек айы)

к. талғандар - 21

к. талғандар - 4

саны - (қыркүйек айы)

к. талғандар - 6

к. талғандар - 19

саны -

Анықтама

Іс-шара атауы: «Қыз болмысы – ұлт айнасы»

Форматы: Жадынама тарату

Мерзімі: 10 Қыркүйек, 2025 жыл

Орны: Мектеп ішілік

Қатысушылар: 7–10 сынып және колледж топтары қыздары

Жауапты: Клуб жетекшісі Нурушева Самал

Мақсаты: Қыз балалардың ұлттық болмысын, инабаттылық пен сыпайылықты насихаттау, сыртқы келбет пен ішкі мәдениеттің үйлесімділігін қалыптастыру, қазақ қызының тәрбиелік бейнесін насихаттау.

Өткізілу барысы: Қыркүйек айында «Инабат» қыздар ұйымының бастамасымен «Қыз болмысы – ұлт айнасы» атты тақырыпта тәрбиелік бағыттағы жаднамалар таратылды. Жаднамада қыз баланың сөйлеу әдебі, киім кию мәдениеті, жүріс-тұрыс, үлкенге құрмет, кішіге ізет, жеке бас гигиенасы, әлеуметтік желідегі мінез-құлық сынды бағыттар қамтылды. Таратылған ақпараттар жеңіл тілде, көрнекі форматта безендіріліп, әр қыз баланың саналы түрде қабылдауына қолайлы үлгіде жасалды. Жаднамалар оқушылардың жеке дәптерлеріне жапсырылып, тәрбие сағаттарында бірлесіп талқыланды.

Нәтижесі: Іс-шара оқушылар тарапынан қызығушылықпен қабылданды. Қыздар ұлттық тәрбие мен қыз бала мәдениеті туралы ой бөлісіп, өз болмысы мен әдебіне жауапкершілікпен қарау керектігін ұғынды.

Қыздар клубының жетекшісі: С.Нурушева

Ұраны: «Намысты қыз – ұлттың ұяты, ұрпақтың шырағы»

Жадынама

Қыздарға арналған еске ұстар қағидалар:

1. Намысың – сенің айбының.

Ар-ұят пен намыс – қыз баланың ең үлкен байлығы.

2. Киімің – тәрбиеңнің көрінісі.

Сыпайы, жарасымды киіну – өзіңе және өзгеге құрмет.

3. Сөзінде сабыр, ісінде парасат болсын.

Әдепті сөйлеу, мәдениетті қарым-қатынас – инабатты қыздың белгісі.

4. Дос таңдауда абай бол.

Сенің ортаның әсері мінезің мен болашағыңа ықпал етеді.

5. Қоғам алдындағы жауапкершілігіңді ұмытпа.

Әр ісің – отбасыңның, еліңнің абыройы.

6. Білім мен өнер – нағыз сәнің.

Әдемілік – білім мен тәрбиеге ұштасқанда ғана шынайы көрінеді.

7. Қызға қылық жарасады.

Инабаттылық, кішіпейілділік, сабырлылық – нәзік жандылардың сәні.

**2025-2026 оқу жылында «Инабат» қыздар
клубының жиналысы болып өтті.**

Өткізу күні: 16 қыркүйек 2025 жыл

Өткізу орны: Мектептің акт залы

Қатысқандар: 7–10 сынып және колледж топтары қыздары

Қатыспағандар: –

Жауапты: Клуб жетекшісі С.Нурушева

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.«Инабат» қыздар ұйымының мақсат-міндеттерімен таныстыру
2. Мектеп формасы және тазалық
3. Қыздардың сөйлеу мәдениеті мен жүріс-тұрысы
4. Қыздар ұйымының жылдық жоспарын бекіту

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі 1 мәселе-«Инабат» қыздар ұйымының мақсат-міндеттерімен таныстыру. Клуб жетекшісі Нурушева Самал жиналысты ашып, қатысушы оқушыларға «Инабат» қыздар ұйымының құрылу мақсаты, негізгі бағыттары мен жұмыс жүйесі жайлы толыққанды ақпарат берді.

Оның айтуынша, «Инабат» ұйымы – мектептегі қыз балаларды ұлттық тәрбие негізінде, адамгершілік пен парасаттылыққа тәрбиелеуді көздейтін ұйым. Қыз баланың табиғатына тән инабаттылық, сыпайылық, ұяндық, тазалық, нәзіктік, мәдениеттілік сияқты қасиеттерді бойға сіңіру — ұйым жұмысының басты өзегі болып табылатыны ерекше атап өтілді.

Сондай-ақ, ұйым жұмысы арқылы қыздардың бойындағы жауапкершілік сезімін, көшбасшылық қабілетін, эстетикалық талғамын дамыту, ұлттық салт-дәстүрді құрметтеуге баулу – басты мақсаттардың бірі екені айтылды. Клуб жетекшісі ұйым аясында өтетін тренингтер, дөңгелек үстелдер, шеберлік сағаттары, рухани-танымдық іс-шаралар жайында қысқаша шолу жасап, қыздарды белсенді болуға шақырды.

Нурушева Самал ұйымның әрбір мүшесі — өз ортасына үлгі болатын, тәрбиелі, әдепті, жан-жақты дамыған тұлға болуы тиіс екенін баса айтты. Қыздардың қоғамдық жұмысқа, мектепішілік мәдени іс-шараларға қатысуы, өзінің ойын ашық жеткізе білуі, үлкен-кішімен қарым-қатынас мәдениеті — бәрі де болашақ ана, болашақ тұлға ретінде қалыптасуында аса маңызды екенін ерекше атап өтті.

Күн тәртібіндегі 2 мәселе- Мектеп формасы және тазалық. Клуб жетекшісі Нурушева Самал қыздармен мектеп формасына қойылатын

талаптар туралы арнайы әңгіме жүргізді. Жиналыс барысында мектеп формасының бірізділігі, тәртіп пен тәрбие көрсеткіші ретіндегі маңыздылығы кеңінен түсіндірілді. Қыз балаларға арналған форманың нақты үлгісі – қара белдемше, ақ көйлек, жеңіл классикалық аяқ киім және шашты жинақы, ұқыпты етіп байлау қажеттігі айтылды.

Қатысушылармен сырт келбеттің тазалығы, шаш үлгісі, аяқ киімнің күтімділігі, қол-тырнақ тазалығы және хош иіссіз болу мәдениеті талқыланып, бұл талаптар қыз бала болмысының айнасы екендігіне баса назар аударылды. Ұқыптылық, тазалық – тек сыртқы көрініс емес, адамның ішкі мәдениетінің көрінісі екені түсіндірілді.

Сондай-ақ, жеке бас гигиенасын сақтау, күнделікті жуыну, киім үтіктеу, шашты таза ұстау – қыз баланың өзіне деген құрметінің белгісі екені аталып өтті. Артық сәндену, макияж жағу, мектепке беймаза киіммен келу сияқты әрекеттерге жол берілмейтіні ескертілді.

Жиналыс қорытындысында барлық қатысушы қыздар мектеп формасының талаптарын бірауыздан қолдап, оны сақтау – әр оқушының міндеті екендігімен келісті.

Күн тәртібіндегі 3 мәселе- Қыздардың сөйлеу мәдениеті мен жүріс-тұрысы. Клуб жетекшісі қыз балаларға қоғамдық ортада, мектеп ішінде, желіде өзін-өзі ұстау әдебі, дөрекі сөйлемей, үлкенмен амандасу, мінез-құлық мәдениеті туралы айтты. Сыныптастармен және мұғалімдермен қарым-қатынаста сыпайы, кішіпейіл болу қажеттілігі атап өтілді.

Күн тәртібіндегі 4 мәселе- Қыздар ұйымының жылдық жоспарын бекіту Клуб жетекшісі Нурушева Самал жиналыс барысында «Инабат» қыздар ұйымының 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарының жобасымен таныстырды. Ол жоспардың негізгі бағыттарына тоқталып, әр айда өткізілетін тәрбиелік іс-шаралар тізбегін кезең-кезеңімен түсіндірді.

Жоспарда қыз балалардың рухани-адамгершілік тәрбиесі, әдептілік пен инабаттылықты қалыптастыру, денсаулық сақтау, әлеуметтік желі мен цифрлық мәдениет, ұлттық салт-дәстүр, шеберлікке баулу, сөйлеу мәдениеті мен сырт келбетке мән беру сияқты бағыттарды қамтитын іс-шаралар қарастырылған.

Клуб жетекшісі жыл ішінде өткізілетін дөңгелек үстелдер, тренингтер, пікірталастар, кездесулер, көрмелер, шеберлік сағаттары мен шығармашылық сабақтар туралы нақты мәліметтер беріп, олардың өткізу мерзімдері мен жауапты тұлғаларын атап өтті.

Қыздар ұйымының белсенді мүшелері ұсынылған жоспарды назар қойып тыңдап, пікірлерін ортаға салды. Қатысушылар жоспарда көрсетілген бағыттардың өзекті әрі қызықты екенін атап өтті.

Жиналыс соңында жылдық жұмыс жоспары бірауыздан мақұлданып, бекітілді.


Қаулы: «Инабат» қыздар ұйымының мақсат-міндеттері бірауыздан мақұлдансын. Мектеп формасы, тазалық және жүріс-тұрыс ережелерін сақтау – барлық қыздарға міндеттелсін.

Жылдық жұмыс жоспары бекітілсін және жоспарлы түрде жүзеге асырылсын.

Ұйым жұмысына қыздардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.

Хатшы:

Клуб жетекшісі:

Two handwritten signatures in blue ink. The first signature is for the Secretary (Хатшы) and the second is for the Club Leader (Клуб жетекшісі). Both signatures are stylized and cursive.

Анықтама

Іс-шара атауы: «Қыздар клубының жиналысы»

Форматы: Пікірлесу және талқылау отырысы

Мерзімі: 2025 жылдың 22 қыркүйек айы

Өтетін орны: Мектептің тәрбие бөлмесі

Қатысушылар: «Инабат» қыздар клубының мүшелері, мектеп дәрігері

Жауапты: Клуб жетекшісі _____

Мақсаты:

Қыздар клубының жылдық жұмыс жоспарын бекіту, қыздардың жеке бас гигиенасы мен денсаулығын сақтау туралы түсініктерін арттыру, сондай-ақ жасөспірім шақтағы ерте жүктіліктің алдын алу бағытында ақпарат беру.

Өткізілу барысы:

Жиналыс клуб жетекшісінің кіріспе сөзімен басталды. Алдымен қыздар клубының жылдық жоспары талқыланып, әр бағыт бойынша жауапты мүшелер тағайындалды.

Одан кейін мектеп дәрігері «Жасөспірім шақтағы ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында баяндама жасап, қыздарға ақпараттық кеңес берді.

Келесі бөлімде қыздардың жеке бас гигиенасы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, сұрақ-жауап түрінде өтті.

Соңында клубтың ағымдағы мәселелері талқыланып, алдағы іс-шаралардың жоспары бекітілді.

Нәтижесі:

Қыздардың бойында өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау, жеке бас тазалығын сақтау, саналы шешім қабылдау дағдылары қалыптасты. Клуб мүшелерінің белсенділігі мен ынтымақтастығы артты.

Қыздар клубының жетекшісі: С.Нурушева

Анықтама

Іс-шара атауы: «Ерте жастағы неке мәселесі»

Форматы: Дөңгелек үстел / пікірлесу сабағы

Мерзімі: 2025 жылдың 22 қыркүйек айы

Өтетін орны: Мектептің тәрбие бөлмесі

Қатысушылар: 8–11 сынып қыздары және колледж студенттері

Жауапты: «Инабат» қыздар клубының жетекшісі және мектеп дәрігері

Мақсаты:

Қыз балаларға ерте жастағы некенің әлеуметтік, психологиялық және денсаулық тұрғысынан зиянды жақтарын түсіндіру, олардың өмірге, білімге деген көзқарасын кеңейту, саналы шешім қабылдауға тәрбиелеу.

Өткізілу барысы:

Іс-шара барысында қатысушыларға ерте жастағы некенің себептері мен салдары туралы ақпарат берілді. Мектеп дәрігері жасөспірім денсаулығына әсері туралы баяндама жасады. Қыздар өз ойларын ортаға салып, сұрақтар қойып, пікір алмасты. Тақырып бойынша бейнеролик көрсетілді және талқыланды.

Нәтижесі:

Қыздардың тақырыпқа деген қызығушылығы артты, олар өз құқықтары мен жауапкершіліктері жайында толық мағлұмат алды. Саналы тұрмыстық және өмірлік көзқарас қалыптастыруға ықпал етті.

Қыздар клубының жетекшісі: С.Нурушева

Анықтама

Іс-шара атауы: «Инабаттылық – қыздың көркі»

Форматы: Дөңгелек үстел

Мерзімі: 22 Қазан, 2025 жыл

Орны: Мектептің акт залы / сынып бөлмесі

Қатысушылар: 7–10 сынып және колледж топтары қыздары

Жауапты: Клуб жетекшісі, жоғары буын бірлестігі,

Мақсаты: Қыз балалардың бойына инабаттылық, әдептілік, сыпайылық қасиеттерін сіңіру; қазақ қызына тән болмысты дәріптеу арқылы тәрбиелік құндылықтарды насихаттау.



Өткізілу барысы: Қазан айында «Инабат» қыздар ұйымының жылдық жоспарына сәйкес «Инабаттылық – қыздың көркі» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Іс-шараға 7–9 сынып қыздары, сынып жетекшілер, клуб жетекшісі және әлеуметтік педагог қатысты.

Шара барысында «инабаттылық» ұғымының мәні, қазіргі қоғамдағы қыз тәрбиесі, отбасындағы қыздың рөлі, қыздың жүріс-тұрысы мен сөйлеу мәдениеті жайында пікірталас жүргізілді. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, түрлі жағдаяттық сұрақтарға жауап берді.

Мұғалімдер мен ұйымдастырушылар тарапынан қазақ қыздарына тән үлгі боларлық тұлғалар туралы деректер айтылып, ұлттық тәрбиенің маңыздылығы кеңінен ашылды.

Нәтижесі: Іс-шара тәрбиелік мәні зор, қыз балалардың өзін-өзі бағалауына, ішкі мәдениетін дамытуына бағытталған маңызды кездесу ретінде өтті. Қатысушылар өз бойларындағы тәрбиелік қасиеттерге сыни көзбен қарап, инабаттылықты күнделікті өмірде ұстанудың маңызын түсінді.

Қыздар клубының жетекшісі: С.Нурушева



Анықтама

Іс-шара атауы: «Ерте жастағы жүктілік – болашаққа балта шабу»

Форматы: Пікірлесу сабағы / дөңгелек үстел

Мерзімі: 2025 жылдың 22 қазан айы

Өтетін орны: Мектептің тәрбие бөлмесі

Қатысушылар: 8–11 сынып қыздары, колледж студенттері

Жауапты: «Инабат» қыздар клубының жетекшісі, мектеп дәрігері

Мақсаты:

Жасөспірім қыздарға ерте жүктіліктің денсаулыққа, психологиялық және әлеуметтік өмірге тигізетін зиянды әсерлерін түсіндіру; өз қадірін білуге, болашағына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Сабақтың мақсаты – жасөспірімдерге өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауды үйрету, саналы өмірлік ұстаным қалыптастыру және ерте жүктіліктің алдын алу жөнінде түсінік беру.

Өткізілу барысы:

Іс-шара клуб жетекшісінің кіріспе сөзімен басталды.

Мектеп дәрігері қатысып, қыздарға ерте жүктіліктің денсаулыққа, психологиялық жағдайға және болашақ өмірге әсері туралы жан-жақты түсіндірме берді.

Іс-шара барысында оқушылармен сұрақ-жауап, пікір алмасу және бейнематериалдар көрсету ұйымдастырылды.



Мектеп дәрігері «Ерте жүктіліктің денсаулыққа әсері» тақырыбында баяндама жасады.

Қатысушылар өз ойларын ортаға салып, сұрақтар қойды. Кездесу соңында тақырыпқа байланысты бейнеролик көрсетіліп, қорытынды жасалды.

Нәтижесі:

Қыздар ерте жүктіліктің салдары туралы жан-жақты мағлұмат алды, өз болашағына жауапкершілікпен қарау және саналы шешім қабылдау қажеттігін ұғынды. Тәрбиелік маңызы зор іс-шара ретінде қыздардың бойында өзін-өзі құрметтеу және өмірлік құндылықтарды бағалау сезімі қалыптасты.

Қыздар клубының жетекшісі: С.Нурушева



Анықтама

Іс-шара атауы: «Қыз әдебі – қылық пен парасат»

Форматы: Пікірлесу (еркін сұхбат)

Мерзімі: 18 Қараша, 2025 жыл

Орны: Психолог бөлмесі

Қатысушылар: 8–10 сынып қыздары

Жауапты: Клуб жетекшісі Нурушева С.Т, мектеп психологы Шакибаева А.А

Мақсаты:

Қыз балалардың сөйлеу мәнері, мінез-құлық мәдениеті, сыпайылығы мен ұстамдылығы туралы түсініктерін кеңейту; ұлттың болашағы – қыз тәрбиесінде екенін ұғындыру, әдептілік пен парасаттылыққа баулу, олардың өзіндік мәдениетін қалыптастыру, тұлғалық дамуына психологиялық қолдау көрсету

Өткізілу барысы:

Қараша айында «Инабат» қыздар ұйымының жоспарына сәйкес «Қыз әдебі – қылық пен парасат» тақырыбында пікірлесу сабағы ұйымдастырылды. Іс-шара мектеп психологымен бірлесе отырып өткізілді. Пікірлесу барысында қыз балаларға арналған әдеп нормалары, жүріс-тұрыс мәдениеті, сөйлесу әдебі, өзін ұстау, сыртқы келбетіне күтім жасау, үлкенді құрметтеу секілді қыз балаға тән негізгі ұстанымдар түсіндірілді. Сонымен қатар ұлттық салт-дәстүрлердің қыз тәрбиесіндегі рөлі талқыланып, қатысушылардың ой-пікірі тыңдалды. Әдептілік, сабырлылық, кішіпейілділік, сөз мәдениеті туралы сұрақтар қойылып, олар өз ойларын ашық жеткізуге мүмкіндік алды.

Мысал ретінде қазақтың ақылды, көреген қыздары туралы тағылымды оқиғалар, мақал-мәтелдер келтірілді.

Қыз баланың сырт келбеті ғана емес, ішкі дүниесі, сөйлеу мәнері, парасат-пайымы оның шын әдебінің көрінісі екендігі талқыланды.

Мектеп психологы қыздардың эмоционалдық дамуын бақылау, өзін-өзі бағалау деңгейін арттыру, ішкі сенімді нығайту бағытында психологиялық жаттығулар ұйымдастырды. Топтық жұмыс, рөлдік жағдаяттар, пікірталас, өзара қолдау атмосферасы арқылы қыздар бір-бірімен еркін қарым-қатынас орнатуға және жағымды мінез-құлық дағдыларын дамытуға мүмкіндік алды. Сабақ жоғары деңгейде өтіп, қатысушылар тарапынан белсенділік байқалды. Үйірме жұмысының нәтижесінде қыздардың бойында инабаттылық, сыпайылық, парасаттылық, мәдениеттілік, өз-өзіне деген сенім және жауапкершілік қасиеттері нығая түсті.

Нәтижесі:

Іс-шара барысында қыздар өз бойындағы жақсы қасиеттерді тануға, кемшіліктерін саралауға тырысты. Өзара пікір алмасу арқылы тәрбиелік мәні зор сабақ өтті. Қатысушылар әдепті қыз – тәрбие айнасы екенін түйсінді.

Анықтама клуб жетекшісі мен психологтың сұранысы бойынша берілді.

— /қолы/

— /күні/

18.11.2025 ж.

